

8 лекция. Қатты дененің динамикасы. Каноникалық теңдеулер.

8.1.Қатты дененің қозғалысының динамикасы

8.2.Қатты дененің импульс моменті

8.3.Инерция тензоры. Қатты дене қозғалысының теңдеуі

8.4.Гамильтон теңдеуі. Пуассон жақшалары.

8.1. Классикалық механикада қатты дене деп-өзара арақашықтығы өзгермейтін көптеген материалдық нүктеден тұратын жүйені айтады.2 лекциядан белгілі қатты дененің қозғалысын 2 түрге жіктеуге болады:

1 ілгерілемелі

2 айналмалы

Қатты дененің өте аз қашықтыққа ілгерілемелі қозғалысын және өте аз бұрышқа айналмалы қозғалысын қоса қарастырайық.Сонда аз ғана dR орын ауыстыру

$d\vec{R}=d\vec{R}_0+¿$ (1)

Мұндағы

$$\frac{d\vec{R}}{dt}=\vec{\vartheta} \qquad \frac{d\vec{R}_0}{dt}=\vec{\vartheta}_0 \qquad \frac{d\vec{\varphi}}{dt}=\vec{\omega}$$

(1)өрнекті dt - ға бөлсек

$$\vec{\vartheta}=\vec{\vartheta}_0+[\vec{\omega}\,\vec{r}] \qquad (2)$$

(2) өрнектен: Абсолютті қатты дененің масса центрінің жылдамдығы оның масса центрінің ілгерілемелі қозғалысының жылдамдығы мен айналмалы қозғалысының жылдамдығының қосындысына тең болады деген қорытынды жасауға болады.

(2) өрнектен уақыт бойынша толық туынды алайық

$$\frac{d\vec{\vartheta}}{dt}=\frac{d\vec{\vartheta}_0}{dt}+d\text{¿¿}$$

$$\vec{a}=\vec{a}_0+\left[\frac{d\vec{\omega}}{dt}\vec{r}\right]+\left[\vec{\omega}\,\frac{d\vec{r}}{dt}\right] \qquad \frac{d\vec{\omega}}{dt}=\vec{\varepsilon} \qquad \frac{d\vec{A}}{dt}=[\vec{\omega}\,\vec{A}]$$

$$\vec{a}=\vec{a}_0+[\vec{\varepsilon}\,\vec{r}]+[\vec{\omega}[\vec{\omega}\,\vec{r}]] \qquad (3)$$

(3) өрнек **әрі ілгерілемелі, әрі айналмалы қозғалыстың үдеуі.**

Сонымен айналмалы қозғалыс кезінде бұрыштық жылдамдық және бұрыштық үдеу деген айналмалы шамалар енгізіледі.

Айналмалы қозғалыс динамикасын сипаттайтын негізгі шама-**күш моменті.**

$$\vec{K}=[\vec{r}\,\vec{F}]$$

Тек айналмалы қозғалысты қарастырайық. $a_0=0$.Олай болса

$$\vec{F}=m\vec{a}$$

$$\vec{K}=[\vec{r}\,m\vec{a}]=m[\vec{r}\,\vec{a}]$$

Радиус векторы тұрақты болған жағдайда

$$[\vec{\omega}[\vec{\omega}\,\vec{r}]]=0.$$

Олай болса (3) өрнектен

$$\vec{K}=m[\vec{r}[\vec{\varepsilon}\,\vec{r}]]$$

$\vec{\varepsilon}\perp\vec{r}$ және$\vec{\varepsilon}=const$ болған жағдайда екендігін ескерсек

$$\vec{K}=m\vec{\varepsilon}\,r^2$$

Мұндағы $mr^2=I\,қатты\,дененің\,инерция\,моменті$ деп аталатын айналмалы қозғалыс кезіндегі оның инерттілігін сипаттайтын скалярлық шама. Олай болса

$$\vec{K}=I\vec{\varepsilon} \qquad (4)$$

Қатты дене қозғалысының динамикасының негізгі теңдеуі болып табылады.

8.2.Физиканың барлық бөлімдеріндегі сияқты механикалық жүйенің күйін сипаттайтын маңызды шамалардың бірі-айналмалы қозғалыс кезіндегі жүйенің импульс моменті.

Импульс моменті деп-материалдық нүктенің орнын анықтайтын радиус векторы мен оның импульс векторының векторлық көбейтіндісін айтады. $\vec{M}_i-\text{¿}$импульс моменті. Материалдық нүкте үшін

$$\vec{M}_i=[\vec{r}_i m_i\vec{\vartheta}_i]=m_i[\vec{r}_i\vec{\vartheta}_i] \qquad (5)$$

(5) өрнектегі $\vec{\vartheta}_i=[\vec{\omega}\,\vec{r}_i]$ алмастырсақ. Онда

$$\vec{M}_i=m_i[\vec{r}_i[\vec{\omega}\,\vec{r}_i]]$$

Материалдық нүктелер жүйесі үшін

$$\vec{M}=\sum_{i=1}^{n}\vec{m}_i[\vec{r}_i\text{¿}[\vec{\omega}\,\vec{r}_i]]\text{¿} \qquad (6)$$

Тензорлық белгілеулерді енгізейік

$$[\vec{r}_i[\vec{\omega}_i\vec{r}_i]]=r^2\vec{\omega}-\vec{r}(\vec{\omega}\,\vec{r})$$

$$\vec{M}=\sum_{i=1}^{n}m_i\{r^2\vec{\omega}-\vec{r}(\vec{\omega}\,\vec{r})\} \qquad (6\text{¿})$$

(6¿) өрнектен жүйенің импульс моменті

$$\vec{M}=I\vec{\omega} \qquad (7)$$

(7) өрнектен импульс моментінің сақталу заңын шығарып алуға болады. Ол үшін (7) өрнектен уақыт бойынша туынды алайық.

$$\frac{d\vec{M}}{dt}=\frac{d}{dt}(I\vec{\omega})$$

$$\frac{d\vec{M}}{dt}=I\frac{d\vec{\omega}}{dt} \qquad \frac{d\vec{\omega}}{dt}=\varepsilon$$

$$\frac{d\vec{M}}{dt}=I\vec{\varepsilon} \qquad (8)$$

(4) (8) салыстырайық $\vec{M}=I\vec{\varepsilon}$

$$\vec{K}=\frac{d\vec{M}}{dt} \qquad (9)$$

(9) өрнек қатты дененің айналмалы қозғалысының динамикасының негізгі теңдеуі.
Қатты денеге сырттан күш әсер етпесін,яғни жүйе тұйықталған болсын.Онда

$$\vec{K}=0 \qquad \frac{d\vec{M}}{dt}=0 \qquad (10)$$

Тек уақыт бойынша өзгермейтін тұрақты шаманың туындысы ғана 0-ге тең болатын

$$\vec{M}=const \qquad (11)$$

Қатты дененің айналмалы қозғалыс кезіндегі импульс моментінің сақталу заңы. Бұдан

$$I\vec{\omega}=const$$

8.3. Материялдық нүктелер жүйесінен тұратын қатты дененің кинетикалық энергиясын есептейік:

$$T=\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i\vartheta_i^2}{2}=\sum_{i=1}^{n}m_i(\vec{\vartheta}_0+¿]\,)^2=\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i\vartheta_0^2}{2}+\sum_{i=1}^{n}m_i\vartheta_0[\vec{\omega}\vec{r}_i]+\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i}{2}¿ \qquad (12)$$

(12) өрнектегі индексіндегі і жоқтарды қосынды белгінің сыртына шығаруға болады.

Екінші көпмүше: $\sum_{i=1}^{n}m_i¿¿¿=\ [\vartheta¿¿_0\vec{\omega}]\sum_{i=1}^{n}m_i\vec{r}_i¿¿$ (*)

(*) өрнектен санақ басын і-ші нүктеге апарып орналастырсақ

$$\sum_{i=1}^{n}m_i\vec{r}_i=0$$

Олай болса

$$T=\frac{\vec{\vartheta}_0}{2}\sum_{i=1}^{n}m_i+\frac{1}{2}\sum_{i=1}^{n}m_i[\vec{\omega}\vec{r}_i¿^2 \quad (13)$$

$\sum_{i=1}^{n}m_i=m$ жүйенің толық массасын береді.

$$[\vec{\omega}\vec{r}_i¿^2=\omega^2r^2-(\vec{\omega}\vec{r})^2 \quad (**)$$

- Векторлың векторлық көбейтіндісінің анықтамасына сәйкес

$$[\vec{\omega}\vec{r}_i¿=¿\,\vec{\omega}\vec{r}\sin\alpha$$

- Векторлың скалярлық көбейтіндісінің анықтамасына сәйкес

$$(\vec{\omega}\vec{r})=¿\vec{\omega}\vec{r}\cos\alpha¿$$

$$[\vec{\omega}\vec{r}¿^2+¿(\vec{\omega}\vec{r})^2=\omega^2r^2$$

Бұдан $[\vec{\omega}\vec{r}¿^2=¿\ \omega^2r^2-(\vec{\omega}\vec{r})^2$

(**) ескеріп (13) өрнекті былай жазуға болады.

$$\boldsymbol{T}=\frac{m\vartheta_0^2}{2}+\frac{1}{2}\boldsymbol{m}\{\omega^2r^2-(\vec{\omega}\vec{r})^2\} \qquad (13^*)$$

(13*) өрнектен оң жақтағы бірінші энергия $\frac{m\vartheta_0^2}{2}=T_{іл}$ - ілгерілемелі қозғалыстың кинетикалық энергиясы. Ал екінші құраушысы $\frac{1}{2}m\{\omega^2r^2-(\vec{\omega}\vec{r})^2\}=T_{айн}$- айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясы.

Тензор ұғымына сәйкес $\vec{r}$ және $\vec{\omega}$ белгілеулерін x_i және ω_i белгілеулерін алмастырсақ. Сонда тензордың қасиетіне сәйкес

$$T_{айн}=\frac{1}{2}m\{\omega_i^2 x_i^2-\omega_k x_k \omega_i x_i\}=\frac{1}{2}\omega_i\omega_k m\{x_i^2\delta_{ik}-x_k x_i\}$$

Мұндағы $\delta_{ik}-¿$бірлік тензор деп аталады. Ал,$m\{x_i^2\delta_{ik}-x_k x_i\}$-$I_{ik}$-инерция тензоры деп аталады.Сонда

$T_{айн}\frac{1}{2}I_{ik}\omega_i\omega_k$ (14)

(14) өрнек айналмалы қозғалыс жасайтын қатты дененің кинетикалық энергиясы болып табылады.

8.4.Классикалық механикадағы негізгі заңдарды жалпылама координата мен жалпылама жылдамдықтардың функциясы болып табылатын Лагранж функциясының көмегімен қарастыруды үйрендік. Енді жалпылама координата және жалпылама импульске тәуелді болатын Гамильтон функциясы деп аталатын функция көмегімен механикалық жүйенің күйін сипаттауды қарастырайық. Ол үшін Лагранж функциясының толық дифференциялын алайық.

$dL=\sum\frac{\partial L}{\partial q_i}dq_i+\sum\frac{\partial L}{\partial\dot{q}_i}d\dot{q}_i$ (15)

$\sum\frac{\partial L}{\partial q_i}=\sum\dot{P}_i$ $\sum\frac{\partial L}{\partial\dot{q}_i}=\sum P_i$(***)

Сонда

$dL=\sum\dot{P}_i dq_i+\sum P_i d\dot{q}_i$ (16)

(16) өрнекті былайша түрлендірейік

$d\left(\sum P_i\dot{q}_i\right)=\sum\dot{q}_i dP_i+\sum P_i d\dot{q}_i$

Осы өрнектен

$\sum P_i d\dot{q}_i=d\left(\sum P_i\dot{q}_i\right)-\sum\dot{q}_i dP_i$ (17)

(17)=>(16) қойсақ

$dL=\sum\dot{P}_i dq_i+d\left(\sum P_i\dot{q}_i\right)-\sum\dot{q}_i dP_i$ (17*)

$d\left(\sum P_i\dot{q}_i-L\right)=-\sum\dot{P}_i dq_i+\sum\dot{q}_i dP_i$ (18)

(18) өрнектегі толық дифференциялдың астындағы жақша ішіндегі өрнекті H әрпімен белгілейік.

$H=\sum P_i\dot{q}_i-L$ =>**Гамильтон функциясы** деп аталады

(18) өрнектен көрініп тұрғандай Гамильтон функциясы жалпылама координатаға,жалпылама импульске,уақытқа тәуелді болады.

(18) өрнектен

$\mathbf{dH}=-\sum_{i=1}^{n}\dot{P}_i\mathbf{d}q_i+\sum_{i=1}^{n}\dot{q}_i\mathbf{d}P_i$ ($18^{¿}$)

($18^{¿}$) – дан

$$\left.\begin{aligned}\dot{q}_i&=\frac{\partial H}{\partial P_i}\\ \dot{P}_i&=-\frac{\partial H}{\partial q_i}\end{aligned}\right\}\quad(19)$$

(19) өрнек P және і шамаларына тәуелді болатын , Гамильтон теңдеулері деп аталатын негізгі қозғалыс теңдеуі болып табылады.Бұл теңдеуді қарапайымдылығы және симметриялығы үшін **канондикалық теңдеулер** депте атайды.

Гамильтон функциясынан уақыт бойынша алынатын толық туынды.

$\frac{dH}{dt}=\frac{\partial H}{\partial t}+\sum_{i=1}^{n}\frac{\partial H}{\partial q_i}\mathbf{d}q_i+\sum_{i=1}^{n}\frac{\partial H}{\partial P_i}\mathbf{d}P_i$ (20)

(20)$\to$(19) өрнекке қойсақ

$\frac{dH}{dt}=\frac{\partial H}{\partial t}$ (21)

Гамильтон формуласы уақытқа тәуелді болмаса, яғни

$\frac{\partial H}{\partial t}=0$, онда

$\frac{dH}{dt}=\mathbf{0}$ (22)

Бұл **механикалық энергияның сақталу заңы** болып табылады. Себебі: тек тұрақты шамадан алынған туынды нольге тең болады.

$$\mathbf{H = const} \qquad (22¿)$$

Айнымалы q ,$\dot{q}$ немесе q, P сияқты динамикалық шамаларға тәуелді болатын Лагранж және Гамильтон формуласы әртүрлі параметрлерге яғни, механикалық жүйенің күйін сипаттайтын шамаларға тәуелді болады. Сондай шаманы λ деп белгілейік. Бұл λ шамасын қандайда бір айнымалы шама деп қарастырайық. Лагранж функциясының дифференциалы мына түрде жазылады.

$$\mathbf{dL}= \sum_{i=1}^{n} \dot{P}_i \mathbf{d}q_i + \sum_{i=1}^{n} P_i \, \mathbf{d}\dot{q}_i + \frac{\partial L}{\partial \lambda} \, \mathbf{d\lambda} \qquad (23)$$

Сонда (18) өрнек мына түрде жазылады.

$$\mathbf{dH}= - \sum_{i=1}^{n} \dot{P}_i \mathbf{d}q_i + \sum_{i=1}^{n} \dot{q}_i \mathbf{d}P_i - \frac{\partial L}{\partial \lambda} \, \mathbf{d\lambda} \qquad (24)$$

(23) (24) өрнекті салыстырсақ.

$$\left(\frac{\partial H}{\partial \lambda}\right)_{q,P} = - \left(\frac{\partial L}{\partial \lambda}\right)_{q,\dot{q}} \qquad (25)$$

(25) өрнек **Пуассон жақшалары** деп аталады.

Лекция №1

Электр заряды және электромагниттік өріс.

Жоспар:

1.1 Заряд. Заряд тығыздығы және ток тығыздығы.

1.2 Зарядтың сақталу заңы.

1.3 Электромагниттік өріс. Электр өрісінің кернеулігі .Магнит өрісінің индукция векторы.

1.1 Теориялық физиканың келесі бір бөлімі электродинамика болып табылады. Электродинамика пәнінде заряд және электромагниттік өріс, олардың бір-біріне әсері электромагниттік өріс теориясының негіздері қарастырылады. Электродинамика бөлімінде негізгі дерек көзі Максвеллдің электромагниттік өріс теориясы негізінде қаланған Максвеллдің 4 дифференциалдық теңдеуі болып табылады.

Электродинамикада негізгі математикалық ақпараттық теңдеулер векторлық анализ тәсілдері дифференциал және динамика операторлары қарастырылады. Электродинамикада негізгі ұғымдар заряд және электромагниттік өріс.

Заряд - бойына бөлшектің (заттың) бүкіл электрлік қасиеттерін шоғырландырған субстанция.

Электродинамикада заряд ұғымы келесідей түсініктермен байланысты қарастырылады:

1. Нүктелік заряд -өрісінің әсері қарстырылатын қашықтықпен салыстырғанда өлшемін елемеуге болатын заррядталған дене. Нүктелік заряд электродинамикада негізгі түсінік. Себебі, зарядталған бөлшектердің барлығы нүктелік заряд ретінде қарастырылады;

2. Нүктелік зарядтар жүйесі - нүктелік зарядтардың жиынын айтады. Жалпы заряд деп электродинамикада электромагниттік өрісті тудырушы және сол өрісі арқылы басқа зарядтарға әсер етуші субстанцияны айтады;

3. Бірлік заряд - шамасы 1 бірлікке тең зарядты айтады.

1.2. Электродинамикада зарядтар үшін зарядтың сақталу заңы деп аталатын фундаментальды заң айтылады, ол былайша тұжырымдалады: Тұйықталған жүйеде зарятардың алгебралық қосындысы өзгермейді, тұрақты болады .

Бұл заңды былайша басқаша тұжырымдауға болады: Тұйықталған жүйеде зарядтың уақыт бойынша кему (өзгеру) тездігі сол уақыт ішінде жүйе арқылы өтетін ток тығыздығына тең болады.

$$\frac{-\partial P}{\partial t} = ¿\,\vec{j}$$ (1) → Үзілісіздік теңдеуі деп аталады.

Бұл өрнек зарядтың сақталу заңын сипаттайды.

$$\rho=\frac{dq}{dV}\left[\frac{Кл}{м^3}\right]\rightarrow$$ заряд тығыздығы немесе көлем тығыздығы.

$$\vec{j}=\frac{dI}{dS}\left[\frac{A}{м^2}\right]\rightarrow$$ ток тығыздығы.

1.3.Электродинамикадағы негізгі түсініктердің бірі электромагнитттік өріс. Электромагниттік өріс - қозғалыстағы зарядтың айналасында пайда болатын материяның ерекше түрі.

Электромагниттік өріс өзіне енген зарядқа күшпен әсер етеді және сол зарядтың үстінен жұмыс жасай алады.

Электромагниттік өріс 2 құраушыдан тұрады:

1) Электр өрісі;
2) Магнит өрісі;

Электр өрісінің күштік сипаттамасы электр өрісінің кернеулік векторы деп аталады. $E=\frac{d\vec{F}}{dq}\left[\frac{H}{Кл}\right]$

Электромагниттік өріс көптеген зарядтардың өрістерінің жиынтығынан тұрса, онда өрістің қорытқы кернеулік векторы суперпозиция принципімен анықталады.

$$\vec{E}=\vec{E}_1+\vec{E}_2+¿\ldots\vec{E}_n$$

Магнит өрісінің күштік сипаттамасы магнит өрісінің индукция векторы деп аталады. $\vec{B}[Тл]$

Өрістің қорытқы индукция векторы да сурепозиция принципімен анықталады.

$$\vec{B}=\vec{B}_1+\vec{B}_2+\ldots\vec{B}_n$$

Егер өрістің берілген нүктесіндегі $\vec{E}$ және $\vec{B}$ сипаттамалары белгілі болса өрістің сол нүктедегі шешімі анықталған деп саналады. Олай болса электродинамиканың негізгі есебі өрістің кез келген нүктесіндегі $\vec{E}$ және $\vec{B}$ векторларын анықтау болып табылады.

2Лекция

2.1 Максвеллдің вакуммдағы зарядтар жүйесі үшін 4-ші дифференциалдық теңдеулер жазылуы. Ол теңдеулер;

1)$rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$ 2)$\div\vec{B}=0$

3)$rot\,\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$ 4)$\div\vec{E}=\frac{\rho}{\varepsilon_0}$

Мұндағы: $\mu_0=1.26*10^{-6}\frac{Кл*м}{A^2c^2}$- магнит тұрақтысы деп аталады

$\varepsilon_0=8.85*10^{-12}\frac{Ф}{м}$ – электр тұрақтысы деп аталады

$\mu_0\varepsilon_0=\frac{1}{c^2}$, $c=3*10^8\frac{c}{м}$ вакуммдегі электромагнит толқындық таралу жылдамдығы

Максвелдің теңдеулері бір-бірімен тығыз байланысты. **1-ші теңдеу мен 2-ші** теңдеуі $\vec{E}$ және $\vec{B}$ в екторларының өзара байланысын көрсетеді.

Яғни 1-ші теңдеуінен 2-шісіне көшуге болады. Осыны қарастырайық. Ол үшін: $rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$

Берілген теңдеудің екі жағынада ¿ оператор қолданамыз

$$¿rot\,\vec{E}=¿\left(\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}\right)$$

Векторлық анализ курсынан белгілі, кез келген $\vec{a}$ вектор үшін

$¿rot\,\vec{a}=0$ олай болса $¿rot\,\vec{E}=0$ сонда $0=\frac{-\partial}{\partial t}\div\vec{B}$.

Соңғы орнек орындалу үшін $¿\vec{B}=0$ болуы шарт.

Енді **3-ші мен 4-ші** теңдеулердің байланысын тағайындайық.

$$rot\,\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0\vec{j};$$

Берілген теңдеудің екі жағынада ¿ оператор қолданамыз.

$$divrot\,\vec{B}=\text{¿}\left(\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}\right)+\text{¿}\left(\mu_0\vec{j}\right)$$ кез келген $\vec{a}$ вектор үшін

$$divrot\,\vec{a}=0\,;divrot\,\vec{B}=0.$$

Сонда $0=\text{¿}\,\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial}{\partial t}+\text{¿}\,\vec{E}+\left(\mu_0\div\vec{j}\right);$

$\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{E}=-\mu_0\div\vec{j};$ $\qquad\varepsilon_0\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{E}=-\text{¿}\,\vec{j};$

$\text{¿}\,\vec{j}=\frac{-\partial\rho}{\partial t};\varepsilon_0\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{E}=\frac{-\partial\rho}{\partial t}\,;$ $\qquad\varepsilon_0\div\vec{E}=\rho\;\;;\text{¿}\,\vec{E}=\frac{\rho}{\varepsilon_0}\,.$

Электр және магнит өрістері бір-бірімен тығыз байланысты, яғни құйынды электр өрісі магнит өрісін тудырады.

2.2. Максвел теңдеулерінің интегралдық түрде жазылуы.

1)$rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$; теңдеудің 2-жағын аудан бойынша интегралдаймыз $\int_s rot\,\vec{E}\,d\vec{S}=\frac{-\partial}{\partial t}\int_s B d\vec{S}$

Жалпы физика курсынан белгілі Стокс теоремасына сәйкес бет бойынша интегралдан тұйық контур бойынша интегралға көшуге болады; $\int_s rot\,\vec{E}\,d\vec{S}=\text{¿}\oint_L\vec{E}\,d\vec{l}\,\text{¿}$

мұндағы $\frac{-\partial}{\partial t}\int_s B\,d\vec{S}\,d\Phi=\vec{B}\,d\vec{S}$**;** $\qquad\oint_L\vec{E}\,d\vec{l}=\frac{-d\Phi}{\partial t}$**;**

Максвелдің 1-дифференциалдық теңдеуінің интегралдық түрде жазылуы.

2)Максвелдің 2-дифференциалдық теңдеуінің интегралдық түрде жазылуы.$\text{¿}\,\vec{B}=0$ теңдеудің 2-жағын көлем бойынша интегралдаймыз. $\int_V\text{¿}\,\vec{B}\,dv=\text{¿}\oint_v 0\,dv\,\text{¿}$. Гаусс теоремасына сәйкес көлем бойынша интегралдан тұйық бет бойынша интегралға көшуге болады; $\int_V\text{¿}\,\vec{a}\,d\vec{V}=\text{¿}\oint_s\vec{a}\,d\vec{S}\,\text{¿}$; $\int_v\text{¿}\,\vec{B}\,dv=\text{¿}\oint_s B\,ds\,\text{¿}$;

$\oint_v 0\,dv=0$; Сонда $\oint_s B\,ds=0$

3) Максвелдің 3-дифференциалдық теңдеуінің интегралдық түрде жазылуы. $rot\,\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$

теңдеудің 2-жағын аудан бойынша интегралдаймыз. $rot\,\overrightarrow{Bd}\,S=\vec{\varepsilon}_0\mu_0\frac{\partial}{\partial t}\int_s\vec{E}\,d\vec{S}$ Стокс теоремасы сәйкес;

$\int_s rotBd\,\vec{S}=\text{¿}\oint_L\vec{B}\,d\vec{l}\int_s\vec{E}\,d\vec{S}=\Psi\,\text{¿}$; электр өрісінің күш сызығының ағыны. $\oint_L\vec{B}\,d\vec{l}=\int_s\vec{\varepsilon}_0\mu_0\frac{\partial\Psi}{\partial t}$;

Максвелдің 3-ші теңдеуінің интеграл түрде жазылуы.

4)Максвелдің 4-дифференциалдық теңдеуінің интегралдық түрде жазылуы. $\text{¿}\,\vec{E}=\frac{\rho}{\varepsilon_0}$; 2-жағын көлем бойынша интегралдаймыз. $\int_V\text{¿}\,\vec{E}\,d\vec{V}=\text{¿}\oint_V\frac{\rho}{\varepsilon_0}d\vec{V}\,\text{¿}$ Гаусстеоремасына сәйкес $\int_V\text{¿}\,\vec{a}\,d\vec{V}=\text{¿}\oint_s\vec{a}\,d\vec{S}\,\text{¿}$**;**

$\int_V\text{¿}\,\vec{E}\,d\vec{V}=\text{¿}\oint_s\vec{E}\,d\vec{S}\,\text{¿}$**;** $\int_V\frac{\rho dv}{\varepsilon_0}=\text{¿}\frac{\rho dv}{\varepsilon_0}=\sum_{i=1}^{n}\frac{q}{\varepsilon_0}\oint_s\vec{E}\,d\vec{S}=\sum_{i=1}^{n}\frac{q}{\varepsilon_0}\text{¿}$ **;**Максвелдің4-дифференциалдық теңдеуінің интегралдық түрде жазылуы.

2.3 Максвеллдің әр теңдеуі электромагниттік құбылыстарды сипаттайтын заңдармен байланысты жазылған.

Осы байланысты анықтайық. Максвелдің вакуумдағы зарядтар жүйесі үшін жазылған 1-ші теңдеуінің қандай заңмен байланысты екенін қарастырайық.**1)**$Rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$; Берілген теңдеуді 2-кі жағынанда аудан бойынша интеграл алайық $\int_S rot\,\vec{E}\,d\vec{S}=\frac{-\partial}{\partial t}\int_S \vec{B}\,d\vec{S}$;Стокс теоремасына сәйкес: $\int_S rot\,\vec{E}\,d\vec{S}=\oint_L \vec{E}\,d\vec{l}\,\Phi=\int_s \vec{B}\,d\vec{S}$ -магнит ағыны. Сонда,$\oint_L \vec{E}\,d\vec{l}=\frac{-d\Phi}{dt}$;$\oint_L \vec{E}\,d\vec{l}=\varepsilon\rightarrow$электростатикалық өрістің циркуляциясы, яғни электр қозғаушы күш болып табылады.$\varepsilon_i=\frac{-d\Phi}{dt}\rightarrow$Электромагниттік индукция заңы (Фарадей заңы) Максвелдің 1-дифференциалдық теңдеуі Фарадейдің электромагниттік индукция заңымен байланысты.**2)**Максвеллдің 2-ші теңдеуінің қандай заңмен байланысты екенін қарастырайық.

$¿\vec{B}=0$, 2 жағын көлем бойынша интегралдайық. $\int_v ¿\vec{B}\,dV=0$ Гаусс теоремасына сәйкес $\int_v ¿\vec{B}\,dV=\oint_s \vec{B}\,d\vec{S}$, $\oint_s \vec{B}\,d\vec{S}=0$ Бұл Ампердің молекулалық ток туралы гипотезасына сәйкес жазылған.

3)Максвеллдің 3-ші теңдеуінің қандай заңмен байланысты екенін қарастырайық.$rot\,\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$ теңдеудің 2-жағын аудан бойынша интегралдаймыз $\int_s rot\,\vec{B}\,d\vec{S}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial}{\partial t}\int_s \vec{E}\,d\vec{S}+\mu_0\int_s \vec{J}\,d\vec{S}$;Стокс теоремасына сәйкес; $\int_s rot\,\vec{B}\,d\vec{S}=¿\oint_L \vec{B}\,d\vec{l}\int_s \vec{E}\,d\vec{S}=\Psi¿$; $\int_s \vec{J}\,d\vec{S}$ электр өрісінің күш сызығының ағыны.

$\oint_L \vec{B}\,d\vec{l}=\int_s \varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\Psi}{\partial t}+\mu_0\vec{J}$; Био-Савар Лаплас заңы. Максвелдің 3-ші теңдеуінің интеграл түрде жазылуы.

4)Максвеллдің 4-ші теңдеуінің қандай заңмен байланысты екенін қарастырайық.

$¿\vec{E}=\frac{\rho}{\varepsilon_O}$, екі жағынанда интегралдап алайық. $\int_v ¿\vec{E}\,dV=\frac{1}{\varepsilon_0}\int_v \rho dV$, Гаусс теоремасына сәйкес. $\int_v ¿\vec{E}\,dV=\oint_S \vec{E}\,d\vec{S}$ Сонда $\oint_S \vec{E}\,d\vec{S}=\frac{1}{\varepsilon_0}\int_v \rho dV$ Мұндағы $\int_v \rho dV=Q$ заряд , сонда, $\oint_S \vec{E}\,d\vec{S}=\frac{Q}{\varepsilon_0}$; Бұл Кулон заңымен байланысты жазылған өрнек. $\vec{E}=\frac{1}{4\pi\varepsilon_0}|Q|*¿q\vee\frac{¿}{R^2},\vec{E}=const¿$, $\vec{E}\int_s ds=\frac{Q}{\varepsilon_0}$, $\vec{E}S=\frac{Q}{\varepsilon_0}$, Сфера бетінің ауданы $S=4\pi r^2$ екендігін және нүктелік зарядтың кернеулігі $E=\frac{F}{q}$,екендігін ескерсек онда $\frac{\vec{F}}{q}4\pi R^2=\frac{Q}{\varepsilon_0}$ F=$\frac{1}{4\pi\varepsilon_0}|Q|\vee q\vee\frac{¿}{R^2}¿$

2,5 Оқшауланған зарядтар жүйесімен электромагниттік өрісті вакуумдағы қарастытайық .

Лоренц Максвелл теңдеулерін Классикалық механиканың заңдарымен байланысты қарастыруды ұсынды.Бірақ мұндай есепті шешу тиімсіз себебі нақты есепті жатпайды. Сондықтан Лоренц жоғардағы шешу үшін есепті берілуіне бірнеше екетпеулерді енгізу ұсынды.

1.Тұйықталған жүйені әр дайым тандап алу мүмкін емес,себебі, өріске басқа өстер тарапынан әсерді шектеу мүмкін емес сондықтан сыртқы толқын көздері жоқ деп қарастыруды ұсынды, яғни қарастырылып жатқан жүйеге белгілі бір азғана шекті уақыт ішінде сырттан басқа өрістер әсер етпейді деп қарастырады.

2.Зарядтар үнемі үдемелі қозғалыста болғанда “Реакциялық үйкеліс күші п.б.” Бұл күшті Ньютонның заңдары арқылы сипаттау мүмкін емес, сондықтан Лоренц бұл күшті ескермеуді ұсынды.

3.Зарядтар жүйесі үшін Классикалық механика заңдарын қолдану үшін Лоренц оларға механикалық модельдерді қолдануды ұсынды.Осы ұсыныстарды ескере келіп, Лоренц Максвелл теңдеулері былайша жазуды ұсынды.

1) $rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$ 2) $¿\,\vec{B}=0$ 3) $rot\,\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0 q\,\vec{r}\,\sigma\vee\vec{r}-\overrightarrow{r_0\vee¿¿}$ 4) $¿\,\vec{E}=\frac{q_i v_i \sigma\left(\vec{r}-\vec{r}_0\right)}{\varepsilon_0}7;$

Лекция №3

Электромагниттік өрістің энергиясы және импульсі.

3.1. Зарядтың орын аыстыруы кезінде атқарылатын жұмыс.

3.2. Электромагниттік өрістің энергиясы. Энергияның сақталу заңы.

Эенргия және импульс әмбебап шамалар.Олар барлық физикалық нысандар үшін, оның ішінде Электромагниттік өріс үшін де негізгі шамалар болып табылады.Өзара әрекеттесетін зарядталған материалдық нүктелер жүйесін қарастырайық: Мұндай жүйе Максвелл- Лоренц теңдеулер жүйесімен сипатталады Осы теңдеулерді пайдалана отырып өріс- заряд тұйықталған жүйе үшін энергия және импульс түсініктерін қарастырайық.Макроскопиялық электр зарядтары материалдық денелермен байланысты, сондықтан массасы mi бөлшектің заряды qi деп қарастырайық. Мұндай дене үшін қозғалыс теңдеуі мына түрде жазылады: $\frac{\frac{d}{dt}*m_i\vec{v}_i}{\sqrt{1-(\frac{v}{c})^2}}=F_i$

(3.1)Теңдіктің екі жағынада элементар орын ауыстыру (qri) көбейтейік;**d** $\vec{r}_i\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-\left(\frac{\vartheta_i}{c}\right)^2}}=q_i\vec{E}_i$ **d**$\vec{r}_i$**(3.2)**

(3.2) теңдеуінің оң жағы Лоренц күшінің жұмысын береді.Лоренц күші 2 құраушыдан тұрады:
1.Электрлік құраушы; 2.Магниттік құраушы;

$\vec{F}_л=q\vec{E}+q\left[\vec{V}\,\vec{B}\right]$ (*)

Бірақ Лоренц күщінің магниттік құраушысы жұмыс жасамайды.Себебі,Лоренц күші орын ауыстыруға әрқашанда перпендикуляр.яғни:

$q_i\left(\vec{U}_i\vec{B}_i\right)\overrightarrow{dr_i}=0$ (3.3)

Лоренц күшінің элементар жұмысы зарядталған материалдық нүктенің реаливистік энергиясының өсімшесіне тең болады. Элементар жұмыстарды біріктерсек

$$\frac{d}{dt}\frac{m_i c}{\sqrt{1-(\frac{v_i}{c})^2}}=\sum_{i=1}^{n}q_i\vec{E}_I\vec{v}_i \qquad (3.4)$$

(3.4) өрнек материалдық нүктелер жүйесі үшін энергияның өзгеру теоремасы деп аталады.Бірлік уақыт ішіндегі өрістің жұмысын табу үшін(3.4)өрнектің оң жағын интегралдаймыз:

$P=\int_v^{□}\vec{J}\,\vec{E}\,dv$(3.5)

(3.5) өрнектен қуаттың тығыздығын,яғни бірлік көлемде бірлік уақыттағы атқарылатын жұмысты табуға болады.

$P_o = \vec{E}\,\vec{j}$ (3.6)

3.2 $\vec{E}$ *және* $\vec{B}$векторлары берілген болсын, солардың көмегімен электромагниттік өрістің энергиясын анықтайық .

Электродинамикадағы себептілік принципіне сәйкес бастапқы уақыт мезетіндегі электромагниттік өрісті сипаттайтын $\vec{E}$және$\vec{B}$ *векторлары анықталған жағдайда*алдағы кез-келген уақыт мезетіндегі кеңістіктің кез-келген нүктесіндегі өрістің сипаттамаларын дәл анықтауға болады.

Максвелл теңдеулерінен:

$$¿=E_o\mu_o\frac{dt}{dt}+\mu_o\vec{j}$$

$$¿+\vec{J}$$

$$\mathrm{rot}\vec{E}=-\frac{d\vec{B}}{dt}$$

$$\mathrm{rot}\frac{1}{\mu}\vec{B}=E_o\frac{d\vec{E}}{dt}+\vec{J}$$

3.3 Өріс-заряд тұйықталған жүйесін қарастырайық;

Алдымен (3.10)-шы өрнектен энергияның сақталу заңының тұжырымдарын келтірейік: Белгілі бір көлемдегі энергияның кемуі сол көлемнен шығып жатқан энергия ағыны мен осы жүйедегі зарядтар үстінен өрістің атқаратын жұмысына тең болады.Тұйықталған жүйеде сәулелену интенсивтілігі (ағыны) ескерілмейтіндіктен (3.9)-шы өрнектен

$$\frac{-\partial}{\partial t}=\int_V^{\square}\frac{1}{2}(\varepsilon_0\vec{E}^2+\frac{B^2}{\mu_0})\mathrm{dV}=\int_V^{\square}\square\vec{J}\,\vec{E}\,dV \qquad (3.11)$$

(3.11)-ші өрнектен тұйықталған жүйедегі зарядтар үстінен өрістің жасайтын жұмысы сол өрістің энергиясының кемуі есебінен атқарылады. Тұйықталған өріс-заряд жүйесі үшін энергияның сақталу заңын қорытып алайық. Ол үшін (3.11)-ші оң жағы жұмыс екендігін ескерсек (3.4)-ші өрнекке сәйкес

$$\int_V^{\square}\square\vec{J}\,\vec{E}\,dV=\frac{d}{dt}\sum_{i=0}^{n}\frac{m_i c^2}{\sqrt{1-(\frac{\vartheta_i}{c})}}$$ Сонда

$$-\frac{d}{dt}(\frac{1}{2}(\varepsilon_0E^2+\frac{B^2}{\mu_0})\mathrm{dV}=\frac{d}{dt}\sum_{i=0}^{n}\frac{m_i c^2}{\sqrt{1-(\frac{\vartheta_i}{c})^2}};$$

$$\frac{d}{dt}(\frac{1}{2}\left(\varepsilon_0E^2+\frac{B^2}{\mu_0}\right)dV+\sum_{i=0}^{n}\frac{m_i c^2}{\sqrt{1-(\frac{\vartheta_i}{c})}})=0 \quad (3.12)$$

Тек тұрақты шаманың туындысы 0-ге тең болатындықтан (3.12)-ші теңдеудің жақша ішіндегі шаманы

$$\frac{1}{2}(\varepsilon_0E^2+\frac{B^2}{\mu_0})dV+\sum_{i=0}^{n}¿\frac{m_i c^2}{\sqrt{1-\left(\frac{V_i}{c}\right)}¿}=const\;¿ \quad (3.13)$$

(3.13)-шы өрнек өріс-заряд тұйықталған жүйесі үшін энергияның сақталу заңы деп аталады.

3.4 Электромагниттік өрістің импульсінің теңдеуі келесідей жолмен алынады. Электромагниттік өріс үшін қозғалыс теңдеуі

$\vec{F}$=m$\vec{a}$; $\vec{a}=\frac{d\vec{\vartheta}}{dt}$; $\vec{F}=m\frac{d\vec{\vartheta}}{dt}=\frac{d(m\vec{\vartheta})}{dt}$; $\vec{F}=\frac{d\vec{P}}{dt}$

$$\frac{d}{dt}\sum_{i=0}^{n}\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-(\frac{\vartheta_i}{c})}}=\sum_{i=0}^{n}(q_i\vec{E}_i+q_i[\vartheta_i B_i])$$

Зарядтың кеңістікте таралуын үздіксіз болса онда (3.14)-ші теідіктің оң жағындағы қосындыны интегралмен алмастыруға болады.

$$\sum_{i=0}^{n}(q\vec{E}_i+q_i[\vec{v}_i\vec{B}_i]=\int_V(\rho\vec{E}+[\vec{J}\vec{B}]dV.$$

q=ρdV; $q_i\vec{V}_i=\vec{J}$;

$$\frac{d}{dt}\sum_{i-1}^{n}\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-(\frac{\vartheta_i}{c})}}=\int_V(\rho\vec{E}+[\vec{J}\vec{B}])dV \qquad (3.15)$$

(3.15)-ші өрнектің оң жағындағы жақша ішіндегі өрнекті түрлендірейік

$$\rho\vec{E}+[\vec{J}\vec{B}]=\varepsilon_0\vec{E}\mathrm{div}\vec{E}-\varepsilon_0[\frac{d\vec{E}}{dt}B]+$$

$$\frac{1}{\mu_0}[\mathrm{rot}\vec{B}\cdot\vec{B}]. \qquad (3.16)$$

$\rho=\varepsilon_0\mathrm{div}\vec{E}$;

$\mathrm{rot}\vec{B}=\varepsilon_0\mu_0\frac{d\vec{E}}{dt}+\mu_0\vec{J}$ => $\vec{J}=\frac{1}{\mu_0}\mathrm{rot}\vec{B}-\varepsilon_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}$

(3.16)-шы өрнектің оң жағын уақыттың толық туындысы болатын қандайда бір шамаға келтіру үшін оған мынандай қосымша қояйық

$$-\varepsilon_0[\vec{E}\frac{\partial\vec{B}}{\partial t}]-\varepsilon_0[\vec{E}\,rot\,\vec{E}]$$

$$\rho\vec{E}+[\vec{J}\vec{B}]=\varepsilon_0\vec{E}\div\vec{E}-\varepsilon_0[\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}]+\frac{1}{\mu_0}[\mathrm{rot}\vec{B}\cdot\vec{B}]-\varepsilon_0\left[\vec{E}\frac{\partial\vec{B}}{\partial t}\right]-\varepsilon_0\left[\vec{E}\,rot\,\vec{E}\right]+\frac{1}{\mu_0}\vec{B}\div\vec{B} \qquad (3.16¿)$$

Бұл теңдеудің оң жағын біріктірейік (топтастырайық);

$$\rho\vec{E}+[\vec{J}\vec{B}]=-\frac{\partial}{\partial t}\varepsilon_0[\vec{E}\vec{B}]+\varepsilon_0(\vec{E}\div\vec{E}-[\vec{E}\,rot\,\vec{E}]+\frac{1}{\mu_0}(\vec{B}\div\vec{B}+[\vec{B}\,rot\,\vec{B}](3.16¿*¿¿)$$

(3.16¿*¿¿)-шы өрнекті ескеріп (3.15) – ші теңдеуді мына түрде жазуға болады.

$$\frac{d}{dt}\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i\vec{V}_i}{\sqrt{1-\left(\frac{\vartheta_i}{c}\right)^2}}=-\frac{\partial}{\partial t}\int_V\varepsilon_0(\vec{B}\div\vec{B})-[\vec{B}\,rot\,\vec{B}]dV \quad (3.15¿)$$

Төртінші қосымшаға (векторлық анализдің)өрнектеріне сәйкес

$$\int_V(\vec{E}\mathrm{div}\vec{E}-[\vec{E}\,rot\,\vec{E}]dV=0$$

$\int_V(\vec{B}\mathrm{div}\vec{B}-[\vec{B}\,rot\,\vec{B}]=0$ екендігін ескерсек

$$\frac{d}{dt}\sum_{i=0}^{n}\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-\left(\frac{\vartheta_i}{c}\right)}}=-\frac{d}{dt}\int_V[\vec{E}\vec{B}]dV \quad (3.15¿*¿¿)$$

$$\frac{d}{dt}\left(\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-\left(\frac{\vartheta_i}{c}\right)}}+\int_V \varepsilon_0\left[\vec{E}\,\vec{B}\right]dV\right)=0 \quad (3.17)$$

Тек тұрақты шаманың туындысы 0-ге тең болатындықтан

$$\sum_{i=1}^{n}\frac{m_i\vec{\vartheta}_i}{\sqrt{1-\left(\frac{\vartheta_i}{c}\right)}}+\int_V \varepsilon_0\left[\vec{E}\,\vec{B}\right]dV=const \quad (3.17¿)$$

(3.17¿)-ші өрнек өріс-заряд тұйықталған жүйесі үшін импульстің сақталу заңы деп аталады.

$\vec{g}=\varepsilon_0\left[\vec{E}\,\vec{B}\right]$ – импульс тығыздығы деп аталады.

Лекция №4

\Электромагниттік өрістің потенциялдары үшін теңдеулері

4.1 ЭМ өрістің потенциалдары

4.2 ЭМ өрістің теңдеулерін потенциалдар арқылы жазу

4.3 ЭМ өрістің потенциалдар арқылы жазылған теңдеулердің жалпы шешімі туралы түсінік.

4.1 Электродинамиканың негізгі теңдеулерін шешу үшін Максвел теңдеулерін интегралдауға тура келеді.Максвелл теңдеулерін нақты жағдайлар үшін тікелей интегралдау математикалық тұрғыдан белгілі бір қиындықтар туғызады.Сондықтан осы қиындықтан шығу үшін ***өріс потенциалдары*** деген көмекші шамалар енгізілді.

Кез-келген векторлық өріст математикалық тұрғыдан толық анықталған болып саналады,егер өрістің дивергенциясы(div) және роторы(rot) берілген болса. Сондықтан Максвелл теңдеулер жүйесі толық болып саналады. Себебі Максвелл теңдеулерінде $\vec{E}$ және $\vec{B}$ $\vec{p}$ және $\vec{j}$ арқылы анықталады. Дивергенциясы нөлге тең емес, ал, ротыры нөлге тең өріс потенциалды өріс деп аталады. Яғни күш сызықтары электр зарядтарынан басталып электр зарядтарынан аяқталатын өріс потенциялды өріс деп аталады. Дивергенциясы нөлге тең, ал, ротыры нөлге тең емес өрістер құйынды өрістер деп аталады. Яғни құйынды өрістердің күш сызықтары түйықталған болады.

Көмекші шамалардың, яғни, өріс потенциялдарын енгізейік. Ол үшін

$¿\vec{B}=0$ $\quad\quad$ $\vec{B}=rot\,\vec{A}$ $\quad\quad$ деп белгілесек.

$divrot\,\vec{A}=0$ теңдеуін қанағаттандырады. Мұндағы $\vec{A}$ векторы электромагниттік өрістің потенциялы деп аталады. Сонымен $\vec{B}$ векторы физикалық мағнасы бар шама, ал ,$\vec{A}$ тәжірибеде анықталмайтын көмекші шама болып табылады. Дәл осы сияқты электрлік құраушысына көмекші шама енгізейік. Ол үшін

$rot\,\vec{E}=\frac{-\partial\vec{B}}{\partial t}$ $\quad\quad$ $\vec{B}$= rot$\vec{A}$ $\quad$ 4.1 $\quad\quad$ $\vec{E}=\frac{-\partial}{\partial t}rot\,\vec{A}$

$rot\,\vec{E}+\frac{\partial}{\partial t}rot\vec{A}$=0 $\quad\quad$ $rot\left(\vec{E}+\frac{\partial\vec{A}}{\partial t}\right)=0$

Электростатикалық өрістің роторы 0-ге тең болатындығын ескерсек,онда

$$\vec{E}+\frac{\partial\vec{A}}{\partial t}=-grad\varphi \qquad 4.2$$

$\varphi(r,t)-¿$өрістің скаляр потенциалы.

Сонымен өрістің скаляр және вектор потенциялдарының функциялары $\varphi(r,t)$және $\vec{A}(r,t)$ берілген жағдайда $\vec{E}\,және\,\vec{B}$ векторларын дифференциалдау арқылы анықтауға болады.

4.2 4.1 және 4.2 өрістерді пайдаланып Максвеллдің диференцалдық теңдеулерін қайта жазып көрейік.

$$rot\,rot\,\vec{A}=\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\vec{E}}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$$

$\vec{E}$=- grad - $\frac{\partial\vec{A}}{\partial t}$ *

$$rotrot\,\vec{A}=-\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial^2 A}{\partial t^2}\partial t-\varepsilon_0\mu_0\,grad\frac{\partial\varphi}{\partial t}+\mu_0\vec{j} \qquad 4.3$$

*өрнекті ескерсек $\text{¿}\vec{E}=\frac{\rho}{\varepsilon_0}$

$$-divgrad\varphi-\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{A}=\frac{\rho}{\varepsilon_0}$$

$divgrad\varphi=\Delta\varphi$сонда:

$$\Delta\varphi+\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{A}=\frac{-\rho}{\varepsilon_0} \qquad 4.4$$

Сонымен

$$rotrot\,\vec{A}=-\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial^2 A}{\partial t^2}\partial t-\varepsilon_0\mu_0\,grad\frac{\partial\varphi}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$$

$$\Delta\varphi+\frac{\partial}{\partial t}\div\vec{A}=\frac{-\rho}{\varepsilon_0}$$

4.3 өрнекті түрлендіріп былайша жазуға болады . Кез –келген вектор үшін $rotrot\,\vec{A}=grad\div\vec{A}-\Delta\vec{A}$ ескерсек.

$$grad\div\vec{A}-\Delta\vec{A}=-\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial^2 A}{\partial t^2}-\varepsilon_0\mu_0\,grad\frac{\partial\varphi}{\partial t}+\mu_0\vec{j}$$

$$-\Delta\vec{A}=\mu_0\vec{j}-\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial^2\vec{A}}{\partial t^2}-grad(div\vec{A}+\varepsilon_0\mu_0\frac{\partial\varphi}{\partial t})$$ *(-1) көбейтсек*

$$\Delta\vec{A}-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2\vec{A}}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j}+grad\left(\div\vec{A}+\frac{1}{c^2}\frac{\partial\varphi}{\partial t}\right)$$

Мұндағы

. $\text{¿}\vec{A}+\frac{1}{c^2}\frac{\partial\varphi}{\partial t}=0$ ** шартын енгізейік.

Бұл **Лоренц калибировкасы** деп аталады.

$$\begin{cases}\Delta\vec{A}-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2\vec{A}}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j}\\ \Delta\varphi+\text{¿}\vec{A}=\frac{-\rho}{\varepsilon_0}\end{cases} \qquad 4.5$$

div$\vec{A}$=$\frac{-1}{c^2}\frac{\partial\varphi}{\partial t}$

$\Delta\varphi$-$\frac{\partial^2\varphi}{\partial t^2}$=$\frac{-\rho}{\varepsilon_0}$ 4.6

$$\begin{cases}\Delta\vec{A}-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2\vec{A}}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j}\\ \Delta\varphi-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2\varphi}{\partial t^2}=\frac{-\rho}{\varepsilon_0}\end{cases} \qquad 4.7$$

4.7 өрнек Максвелл теңдеулерінің **потенциалдар арқылы жазылуы**.

Мұндағы:

$$\begin{cases} \vec{E}=-grad\varphi-\dfrac{\partial\vec{A}}{\partial t} \\ rot\,\vec{A}=\vec{B} \end{cases} \qquad 4.8$$

4.3

Максвелл теңдеулерінің потенциялдар арқылы жазылған өрнегінің артықшылығы оның жалпы шешімдерін алуға болатындығында. Максвелл теңдеулерінің потенциялдар арқылы жазылған өрнегінің шешімдерінің жалпы түріне тоқталайық. Есептің қойылуы қандайда бір инерциялды санақ жүйесінде зарядтарының орналасуы p=p($\vec{r}$,t) және олардың қозғалысы $\vec{j}=\vec{j}$($\vec{r}$,t) берілсін. Табу керек өрістің векторлары $\vec{E}=\vec{E}$($\vec{r}$,t) ж /е $\vec{B}=\vec{B}$($\vec{r}$,t) ?

Есепті математикалық тұрғыдан жеңілдету мақсатында алдымен көмекші шамаларды-потенциялдарды анықтайық

$$\left.\begin{aligned} &\Delta A-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2 A}{dt^2}=-\mu_0\vec{j} \\ &\Delta A-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2 A_x}{dt^2}=-\mu_0\vec{j} \\ &\Delta A-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2 A_y}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j} \\ &\Delta A-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2 A_z}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j} \\ &\Delta\varphi-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2\varphi}{\partial t^2}=-\mu_0\vec{j} \end{aligned}\right\}$$ 1 типті математикадағы Даламбер теңдеуіне ұқсас

$\Delta U-\dfrac{1}{c^2}\dfrac{\partial^2 u}{\partial t^2}=-g(\vec{r},t)$ Даламбер теңдеуі

Даламбер теңдеуі математикада толық шешілген сондықтан оның жалпы шешәмә толқындық теңдеу деп аталатын біртекті теңдеулерге сәйкес келеді,ол былайша жазылады

$$\Delta v-\frac{1}{c^2}\frac{\partial^2 v}{\partial t^2}=0$$

Ал дербес шешімі u=v+u_g

Бұл толқындық теңдеулердің электр зарядтары толқын болатынын айқындайды. Электр заряды жоқ кездегі кеңістіктегі электр магниттік өріс – еркін өріс деп аталады. Өрістің нақты қандай түрі болатындығы бастапқы шарттарға тәуелді болады.

Бастапқы шарттар

$\varphi_{t=0}=\varphi_{баст}(\vec{r})$

$\left|\dfrac{d\varphi}{dt}\right|\square_{t=o}=\varphi_{баст}(\vec{r})$

$A_{x|t=0}=A_{xбаст}(\vec{r})$

$\dfrac{\partial A_x}{\partial t}=A_{xбаст}(\vec{r})$

Лекция №5

Вакуумдегі стационар электр өрісі

Жоспар

